

«УРАЛ ОЙЛ ЭНД ГАЗ» ЖШС ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«Урал Ойл Энд Газ» ЖШС қызметкерлер мен қоғам алдындағы жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу үшін жауапкершілікті толықтай сезінеді.

Компания өндірістік қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына сәйкес келуге ұмтылады және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы басқару жүйесін өндірісті тиімді басқарудың басты элементі ретінде тұрақты түрде жетілдіруге бағытталған.

Біздің күш-жігеріміз:

- *Қызметкерлердің және қоршаған адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау;*
- *Активтердің тұтастылығын және жабдықтың сенімділігін қамтамасыз ету;*
- *Қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге бағытталған.*

Компания келесі қағидаларды басшылыққа алады:

- *Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, УОГ-дың ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;*
- *УОГ барлық деңгейлеріндегі басшылардың ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы бағдарламаларды іске асырудағы көшбасшылық пен берілгендік;*
- *Әлімдік озық тәжірибенің үздік жетістіктерінің негізінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесін үздіксіз дамыту және жетілдіру;*
- *Өндірістік жарақаттанушылықтың, кәсіби аурулардың, апаттылықтың және қоршаған ортаға теріс әсер етудің көрсеткіштерін бұлжытпай төмендетуге бағытталған, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы мақсаттар қою;*
- *ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметкерлердің корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастыру, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын сақтау үшін УОГ-дың әрбір қызметкерінің дербес жауапкершілігі;*
- *Өндірістік қызметтің барлық кезеңдерінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді анықтау және басқару;*
- *Барлық жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулар, апаттар мен оқиғаларды, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары мен корпоративтік құжаттарға сәйкес дереу хабарлау;*
- *Қызметкерлердің өздерінің немесе қоршаған адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайдың туындауы кезінде қызметкерлердің жұмыстарды орындаудан бас тарту құқығының кепілдік етілуін ұсыну;*
- *ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша қызметкерлерді үздіксіз оқыту және біліктілігін арттыру;*
- *Қызметкерлердің және өндірістік нысандардың апатты және төтенше жағдайларда әрекет етуге әрдайым дайындығын қамтамасыз ету;*
- *Ластау заттары мен парниктік газдардың шығарылуын төмендетуге және энергия тиімділігін жоғарылатуға бағытталған қауіпсіз және ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу;*
- *ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша корпоративтік талаптарды сақтау үшін мердігерлік ұйымдардың жауапкершілігі;*
- *Акционерлер, серіктестер, қызметкерлер, мемлекеттік органдар, қоғам мен басқа мүдделі тараптардың алдында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызмет аспектілері туралы ашықтылығы менақпараттылығы, оның мазмұнының сенімділігі мен жеделдігін қамтамасыз ету.*

Саясаттың қолданысы Компания барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ жасалатын шарттарда көрсетілген талаптарға сәйкес Компания объектілерінде қызмет көрсететін қызметкерлеріне таралады.

Компания басшылығы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесіне қажетті ресурстар мен жағдайларды қамтамасыз етуге жауапкершілік алады.

**Бас директор –
Басқарма Төрағасы**

И. Алигаев

